

**6D120100 – Ветеринарлық медицина білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
Рағатова Айнур Жолтаевнаның
«Диагностиканың серологиялық әдістерін жетілдіре отыра,
Қазақстанның солтүстік өңірінде бөлінген ірі қара малдың нодулярлы
дерматит вирусын кешенді зерттеу»
тақырыбына докторлық диссертация жұмысына
ПІКІР**

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Нодулярлы дерматит вирусы *Roxviridae* тұқымына, *Capripoxvirus* тұқымдасына жататын, бүкіл әлем бойынша мал шаруашылығына елеулі қауіп төндіретін қауіпті трансшекаралық аурудың қоздырғышы болып табылады.

Ірі қара мал (тұқымына, жынысына, жасына қарамастан) нодулярлы дерматит ауруына бейім. Жабайы жануарларда ауру тіркелмеген, дегенмен де жираф пен антилопалар эксперименталды жұқтыруға жоғары сезімтал келеді. Нодулярлы дерматитке адамдардың бейімділігі туралы мәліметтер жоқ.

Инфекция қоздырғышының қайнар көзі – ауру және латентті ауырып жазылған малдар. Вирус инкубациялық кезеңде және жануардың ауырған кезде тері зақымданған аймақтарынан бөлінетін бөлінділер, сілекей, шәует, сүт, мұрын және көздің бөлінуі, дем шығаратын ауа арқылы бөлінеді. Вирустың бөлініп шығу жолдары аз зерттелген.

Ірі қара малының нодулярлы дерматит ауруы бойынша еліміз қолайлы болып келді. Дегенменде 2016 жылы нодулярлы дерматит алғаш рет Қазақстанның Батыс аймағында тіркелді. Арасына екі жыл салып, 2018 жылдың екінші жарты жылдығында Қазақстанның солтүстік өңірінде ауру ошағы анықталды. Бұл жағдай аталған аурудың елдің жаңа аумақтарына таралуы мүмкін екенін және отандық мал шаруашылығы үшін елеулі әлеуметтік-экономикалық салдарға әкелуі мүмкін екенін көрсетеді.

Ауру мал шаруашылығында айтарлықтай экономикалық шығынға ұшыратады, себебі сүт өнімділігінің айтарлықтай төмендеуіне, салмақтың төмендеуіне, тері сапасына зиян келтіреді.

Осыған байланысты, диагностика құралдары мен әдістерін таңдауды ескере отырып Қазақстанның солтүстік өңірінен бөлінген НД вирусының жаңа штаммының биологиялық қасиеттерін зерттеу, өзекті міндет болып табылады.

Ғылыми нәтижелер. 2018 жылы Қостанай облысы Жангелді ауданы аралбай ауылында орналасқан бірнеше шаруа қожалықтарында нодулярлы дерматит ауруының жаңа изоляты бөлініп, алынды. Жамбыл облысы Қордай ауданы Гвардейский п. орналасқан БҚПҒЗИ-да НД вирусының қазақстандық жаңа штаммының өсіндік және биологиялық қасиеттері зерттеліп, микроорганизмдер коллекциясының зертханасына «Lumpy skin disease KZ-Kostanay-2018» штаммы ретінде депонирленді. Жұмыстың ғылыми жаңалығы №36705 өнертабысқа патентпен расталған, 19.04.2024 ж. Сонымен қатар, Биотехнология Ұлттық зертханасында (Астана қ.) НД вирус штаммына молекулярлық- генетикалық зерттеулер жүргізіліп, оң нәтиже алынды.

